



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 9 тамыз

Ұлттық Банк Басқармасының Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын мақұлдауы туралы

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде айтылған тапсырмасын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) қабылдады.

Бағдарлама банк секторының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша үш бағытты көздейді: (1) қадағалауға ден қоюдың сапасын және жеделдігін арттыру үшін реттеу және қадағалау ортасын өзгерту; (2) жүйе құраушы банктің қаржылық орнықтылығын арттыру; (3) ірі банктердің қаржылық орнықтылығын арттыру.

Бағдарлама мемлекет қаражатының ақылылығы, мерзімділігі және қайтарымдылығы қағидаттарында іске асырылады.

Бағдарламада акционерлердің банктерді қосымша капиталдандыру жөніндегі ортақ жауапкершілігі көзделеді. Бағдарлама шеңберінде банктердің акционерлері банкті қосымша капиталдандыру және активтердің сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдауға тиіс, бұл Бағдарламаға қатысудың міндетті талабы болып табылады.

Банктердің одан әрі дамуы мен жұмыс істеуінің қаржылық модельдерін қоса бере отырып олардың Бағдарламаға қатысуына арналған өтінімдерді Ұлттық Банк Басқармасы қарайды.

Тұтастай алғанда, банктердің қаржылық орнықтылығын арттыру жөніндегі шаралар 5 жыл ішінде банктердің баланстарын проблемалық берешектен тазартуға (капиталдандыруды есептен шығаруды, кешіруді және активтердің сапасын жақсарту бойынша басқа шараларды қамтамасыз ету есебінен), банк секторының жиынтық меншікті капиталын ұлғайтуға әкеледі, бұл банктердің экономиканың нақты секторын кредиттеуіне қолдау көрсетеді.

Меншікті капиталдың өсуі және жұмыс істемейтін кредиттердің төмендеуі банктердің қолданыстағы стратегияларын және бизнес-модельдерін қайта қарауға және оңтайландыруға әкеледі, олардың нәтижесінде банктердің банк қызметтерінің жаңа және тиімді түрлерін кредиттеуге, кеңейтуге және дамытуға деген белсенділігінің артуы күтіледі.

Бағдарламаның операторы ҚР Ұлттық Банкінің еншілес ұйымы – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі – Оператор) болып табылады, ол ақша қаражатын беру арқылы қатысушы банктерге қаржылық қолдау тетігін іске асырады.

«Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын мақұлдау туралы» 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысының [ТОЛЫҚ МӘТІНІМЕН](#) Ұлттық Банктің ресми Интернет-ресурсында «Нормативтік құқықтық база» бөлімінде танысуға болады.

Бағдарлама бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, Сіздер оларды Ұлттық Банктің Facebook-тегі «ҚР Ұлттық Банкі хабарлайды, түсіндіреді, түсініктеме береді» [бетінде](#) қоя аласыздар.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz